

**С.Оразалин атындағы ЖОББМ-нің волейбол үйірме жетекшісі Дошаев
Алматтың 2023-2024 оқу жылына талдамасы.**

2023-2024 оқу жылында тамыз айында №1 педагогикалық кеңістің хаттамасымен волейболдан ер балаларға үйірме бөлінді. Барлық 20 бала қамтылды. 34 оқу аптасына барлығы 102 сағатқа жоспар құрылды. Оқу бағдарламасы 8 бөлімнен тұрады. **I. Теория-7 сағат.** Теория – оқушыларға волейбол ойыны, тарихы туралы толық мәліметтер беру. Волейбол ойыны АҚШ-тың Массачусетс штатында пайда болған. **II. Дене дамыту жаттығулары -16 сағат** Жалпы және арнайы дене дамыту жаттығулары. **III. Допты ойынға қосу-21 сағат** Оқушыларға допты астынан, үстінен беру, допты астынан үстінен қабылдау, секіріп үстінен ойынға қосу техникаларын үйрету. **IV. Шабуыл жасау-13 сағат.** Оқушыларға 4,3,2 аймақтардан шабуыл жасау және екінші сызықтан шабуыл жасау әдістерін үйрету. **V. Қорғаныс әдістері-15 сағат.** Оқушыларға алдыңғы сызықта қорғану, тосқауыл қою, 1,6,5 аймақтарды қорғануды үйрету. **VI. Алаңда орналасуы-12 сағат** Оқушылардың алаңда орналасуы және барлық аймақтағы міндеттері. **VII. Ойынға дайындық -14 сағат** Оқушыларды ойынға техникалық, тактикалық дайындығын пысықтау, ойын ережесімен ойнау. **VIII. Жарыстарға қатысу 4 сағат** «Спартакиада», «Мектеп лигасы» т.б түрлі деңгейдегі жарыстарға қатысу.

Мектеп оқушыларына арналған «Волейбол» үйірмесі волейболдан мектеп командасы жасақталған. Үйірмеде оқушылардың «Спартакиада» және «мектеп лигасы» ойындарында бәсекелестік туғыза алатын команда қалыптастыруға басты назар аудардым. Аптасына 3 сағаттан сейсенбі-бейсенбі күндері болады. 2022-2023 оқу жылында Т.Г.Шевченко және Ә.Дәрменов атындағы жалпы орта білім беретін мектептерге жолдастық кездесуге жарысқа бардық. Т.Г.Шевченко атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 4 орын алдық және Ә.Дәрменов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 4 орын алдық.